

Жанысбекова Г.А. *

т.ғ.к., доцент, «Қоғамдық сананы жаңғырту» жобалық кеңсесінің басшысы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ 1922-1923 ЖЖ.
ОРТААЗИЯЛЫҚ БЮРОДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Автор корреспондент: amirbaevag@mail.ru

Аннотация. Тұрар Рысқұловтың өмірбаянын зерттеушілер оның 1921-1922 жылғы жасаған еңбегі – яғни оның Ұлт мәселелері жөніндегі Халық комиссары И. Сталиннің орынбасары қызметін атқарғандығына тоқталғаннан кейін бірден 1924 жылғы Моңғолиядағы қызметіне бірден көшіп кету орын алып отырады екен [1-2]. Ал, қайраткердің 1922-1923 жылдардағы қызметі ақтаңдақ күйінде қалып кетіп отыр. Ұсынылып отырылған мақалада осы хронологиялық шеңбер ішіндегі Тұрар Рысқұловтың өзі туып-өскен өлкесі – Түркістан облысында жасаған еңбегі жаңа архивтік құжаттар негізінде зерделенді және тарихи ғылыми айналысқа Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси архивінің (РГАСПИ) №62-ші қорының 5 ісінен табылған құжаттар енгізілді. Нәтижесінде Тұрар Рысқұловтың Мәскеу қаласынан Түркістанға қайтарылуы жағдайының тарихи себептері мен ахуалына тарихи талдау жасалды, Ресей коммунистік партиясының Ортаазиялық бюросы туралы тарихи анықтама берілді, Т. Рысқұловтың Ортаазиялық бюродағы қызметінің барысына талдау жасалады. Мақала пайдаланған деректер тізімі, кілт сөздер, үш анықтама және бір кестемен қамтамасыз етілген.

Кілт сөздер. Ортаазиялық бюро, Тұрар Рысқұлов, ұлт, ұлт мәселелері жөніндегі комиссариат, Түркістан, кирработник.

Т.Рысқұловтың Мәскеу қаласынан Түркістан облысына қайтарылуы жағдайының тарихи себептері мен ахуалы. Бұл кезеңдегі Т.Рысқұловтың Түркістан республикасындағы аса жоғары ықпалы туралы А. Рахымбаевтың «Как колонизаторский, так и туземно-националистический (точнее Рыскуловский) уклоны в данный момент усиливаются ... и борьба за правильную интернационалистическую точку зрения – есть одна из необходимейших партийных задач», - деген бағасынан қосымша байқай аламыз [3]. Сонымен бірге, Рахымбаевтың өзбек ұлтынан шыққан партиялық қызметкер екендігін және нақ осы кезеңде қазақ және өзбек халықтары арасында жер-аумақтық тартыстың басталуы сәті екендігін еске түсірер болсақ, әрине, біздің замандас зерттеушілеріміздің осыған дейін ғылыми айналысқа енгізген қазақ зиялыларының арасындағы кикілжіңдер фактілерінің түп-тамыры да болашақ одақтас республикалар өкілдерінің жер мен елге таласында жатқандығын анық аңғаруымызға болады. Нақ осы жағдайды отаршылдардың мұрагерлері – қанқұйлы қызыл террор иелері пайдаланбай қалуы мүмкін емес екендігін осыдан әрмен қарайға өрбіген тарихтың соқпағы толық дәлелдеді. Өйткені, нақ осы күні Т.Рысқұлов Ораз Жандосовтың астыртын жұмыс жүргізіп жүргендігі туралы баяндама жасаған, яғни өзін басқа «кирработниктермен»* ұйымдасуға құлықсыз элемент екендігін айқын көрсетті. Өзара ымыраласудан аулақ, әйтсе де қоғамдық қызметте аса дарынды жергілікті тұлғалардың екеуін де ортаазиялық бюро екі жақтағы партиялық мекемелердің жұмысына енгізіп, «кирработниктердің» болашақ ішкі алауыздығын дамытуына негіз жасап қойды [4].

Нәтижесінде, орталықтың мұндай құйтырқы саясаты өз жемісін де бергенін архив қорларында сақталып қалған хаттамалардан анық көре аламыз. Ал, нақ осы кезеңде, ортаазиялық бюроның орталық комитетінің беделді мүшелері – А. Рахымбаев, К. Атабаев, Н. Төрқұлов пен С. Серғазиев Самарқанға Бахрам атты басмашыны тұтқындауға жіберген болатын. Бірақ, аталмыш топ оны тұтқындаудың орнына жасырып босатып жіберген. Әрине бұл большевиктің биліктің осы топтағы партия қызметкерлеріне деген сенімсіздігін туындатты. Сөйтіп, олардың орнына Ортаазиялық бюро құрамына О. Хыдыралиев, О. Жандосов, Хамутхановтар енгізілді. Ал К. Атабаевтың орнына

Түркістан наркомкеңесінің председателінің уақытша міндетін атқарушы қызметіне Т. Рысқұлов тағайындалды.

Бұл туралы Орта Азия бюросының төрағасы Я. Рудзутак Мәскеуде партияның орталық комитетінің алдында баяндама жасап, А. Рахымбаев, Қ. Атабаев, Н. Төрөқұловтың ісі Мәскеудегі партияның орталық комитетіне бірден жеткізді. Баяндама нәтижесінде орталық комитет А. Рахымбаев, Қ. Атабаев және Н. Төрөқұловтың Бахрамды тұтқындамауы партиялық тәртіпті аса өрескел бұзушылық деп танылып, ортаазиялық бюронның және оның төрағасы Я. Рудзутактың аталмыш қызметкерлерге кешіріммен қарауының өзіне қатал ескерту жасады. Бұл «қылмыстық істі» қарау арнайы органдардың құзіретіне берілді, ал Түркістан майданының қолбасшысы Шорин қызметінен алынып тасталды. Ортаазиялық бюроны тазалау мұнымен де аяқталмай, оның қатарындағы «пролетарлық емес элементтерді» шығарып тастау арқылы, ОАБ мүшелерінің санын азайту және нақты санын білу туралы да тапсырма да берілді. Ал, осыған дейін Мәскеу қаласында болып келген Т. Рысқұловтың партиялық санасының большевиктік-отаршылдық тұрғысында тәрбиеленгеніне үміт артқан Я. Рудзутактың оны Ташкент қаласына іс-сапарға жіберу туралы өтінішін орындап, мәскеулік орталық бюро Тұрарды ортаазиялық бюронның орталық комитетінің құрамына А. Рахымбаевтың орнына жіберді [5].


Осы орайда Ортаазиялық бюро дегеніміз не деген сауалға тарихи анықтаманы беріп өту және оның құрылуының барысы туралы табылған архивтік құжаттарға талдау жасау керектігі де бой көрсетеді.

Ресей коммунистік партиясының Ортаазиялық бюросы. Коммунистік партия мен оның көсемі В.И. Ленин Орта Азияда коммунистік құрылымды кең дамытып, Ресейдің ішкі аймақтарын өз ықпалына бағындыру мақсатында большевиктер ұйымдарын кеңінен құра бастауы логикалық тұрғыдан алғанда большевиктік үкімет үшін дұрыс қадам болатын. Орта Азия халықтарының большевиктік басшы өкілдерін бір жерге жинап жалпы қарапайым халықтың көзінде олардан өздеріне толық бағынышты, өзара алауыз, ішкі тартыстардың жетегіндегі саяси элита жасау арқылы, «Бөліп ал да, билей бер» атты отаршылдық негізгі принципті іс жүзінде кең қолдана отырып, бұратана шеткі аймақта коммунистік билікті сөзсіз толық орнату көзделді. Ортаазиялық бюро партияның ІХ съезінің шет аймақтармен байланысты күшейту туралы шешімімен құрылған РКП (б)-ға бағынышты облыстық партия бюроларының бірі болатын. Дегенмен, коммунистер партиясының XII конференциясында қабылданған жарғының мазмұнына орай, оған басқа республикалық және облыстық ұйымдардың барлығы да бағынышты болатын және оның өзі Мәскеуге тікелей ғана бағынышты екендігін білдіретін құзірет берілді [6].

Қарастырылып отырылған бюроны алғаш құрастыру 1922 жылдың 19 мамырында жүзеге асты. Алғашқы хаттамасында көрсетілгендей, РКП-ның орталық комитетінің Ортаазиялық бюросы Түркістан, Бұхара және Хорезмнің РКП ОК-нің үстінен қарайтын және РКП ОК облыстық бюросының барлық құқықтарына ие құрылым ретінде танылды және оны 9 мүшеден құру жоспарланды, оның 3-і Түркістан республикасынан, ал Бұхара мен Хорезмнен сәйкес бір-бір мүшеден енгізілді. Ал, қалған 4 мүше Ресейдің ішкі аймақтарынан келген «кадровый большевик», яғни революция қазанынан қайнап шыққан, дегенмен, жергілікті халықпен таныс емес, оларға аяушылық пен жақсы көрушілік деген сезімдері жоқ тұлғалар болатын. Олар Ортаазиялық бюронның неғұрлым ықпалды, жергілікті жердегі барлық ағымдағы мәселерді шешуге құзірет берілген «Атқарушы комиссия» деген бөлігіне біріктірілді. Ал, Түркістан, Бұхара мен Хорезмнен сайланған өкілдер өздерінің территориясына байланысты сұрақтар қаралған кезде атқарушы комиссия жұмысына қатысуға шақырылып отырылатын болды. Атқарушы комиссия құрамына енгізілмесе де, өз мәселелері қарастырылған кезде осы мүшелер шешуші дауысқа ие болатындығы да осы мәжілісте айтылып өтіп, хаттамаға енгізілген. Яғни жергілікті тұрғындардан бөлектелініп алынған осы тұлғалар шынайы мағынасындағы толық жетекшілік жағдайында емес, өздерінен бір саты жоғары тұрған ресейлік

мүшелерге бағыныштылық және өзара алауыздықты қолдаған, сексоттар** арқылы сырттай бақылауға алынып отырылған жаппай аңдушылық жағдайында қызмет жасауға мәжбүр болды [7].

Кесте №1 - РКП ОК Ортаазиялық бюросының иерархиялық құрылымы



Сондықтан, кестеге қараған кезде ұжымдық басқару аппараты сияқты көрінгенімен, шын мәніне келгенде Ортаазиялық бюро жергілікті халықтың зиялы бас көтерер азаматтарына коммунистік орталықтың ықпалына әскери күшпен нығайтылған саяси басқыншылықпен ықпал жүргізетін органға айналды. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде «О беженцах киргизах в Китай» деген мәселені қарастырған кездегі Ортаазиялық бюро мәжілісіне қатысушылар құрамына назар аударсақ та болады: «Присутствуют: т.т. Михайлов, Эпштейн, Рыскулов. Председатель: Эпштейн. Секретарь: Глаголева.». Рудзутактың бұл кезде Мәскеуде жүргендігінен жергілікті және орталықтың адамдарының арақатынасы 3 – 1 (әдетте бұл 4 – 1), яғни бір ғана жергілікті азамат – Тұрарға өз күшіне сенген орталықтың 3 өкілі қарсы уәж айту, пікір басқыншылығы, саяси үстемдік жасау сияқты құйтырқылықтарына өз қолдарын үнемі босатып, еркін мүмкіншілікпен қимылдап отырған [8].

Қарастырылып отырылған большевиктік партиялық ұйым 1924 жылғы Орталық Азияның ұлттық ұлттық аумақтық бөлінісін жасаған, одақтас республика дегендерді алғаш рет қалыптастырды, жергілікті ұлт-азаттық күресінің баскөтерерлері – басмашыларды жоюға қатысты, Орталық Азияны кеңестендіру, яғни ұжымдастыру жұмыстарын атқарды.

Т.Рысқұловтың Ортаазиялық бюродағы қызметінің барысы

Елге қайта оралуға мүмкіндік берген осы айтулы оқиғадан соң шамамен алғанда 1 ай өткен соң ортаазиялық бюроның орталық комитетінің мәжілісінде Тұрар Рысқұловқа Түркістанда кеңестік өкіметтің шаруашылығын құруды жалғастыру ісі тапсырылды. 09.10.1922 жылы болып өткен бұл жиын Рудзутактың төрағалық етуімен өткізілген, оған И. Любимов, Эпштейн, Т.Рысқұлов, ал шақырылғандардан Паскуцкий мен Хадыралиев қатысқан. Ондағы тапсырма бойынша «Шаруашылық үштік» дегеннің құрамына енгізілген Т.Рысқұловтың негізгі назар аударатын мәселесі – Түркістандағы өнеркәсіп пен сауда ісін жолға қою мен дамыту болды. Ал, «Шаруашылық үштіктің» төрағалығына Паскуцкий тағайындалды [9].

Ортаазиялық бюроның орталық комитетінің 1922 жылғы тоғызыншы қазанындағы жасаған мәжілісінің хаттамасы мәтінінде Т. Рысқұловтың Түркістандағы кеңестік құрылысты басқарушы болып тағайындалғаны туралы мәселе 2-ші сұрақ, ал партиялық құрылысты Эпштейн басқаратындығы туралы мәселе бірінші сұрақ болып қарастырылған. Соған да қарамастан, Т. Рысқұловқа шаруашылық мәселесін жеке-дара басқаруға да толық мүмкіндік бермей, әрбір әрекетіне қарауыл қойылғандай: шынтуайтына келгенде ел дамуының бұл саласы да жергілікті ұлт өкілдерінің емес – тағы да ресейліктердің қолына тигенін «Шаруашылық үштікті» Паскуцкийдің басқаруынан көре аламыз [10].

«Шаруашылық үштіктің» төрағасы Паскуцкийдің 1922 жылдың 11 қазанында

Рудзутак төрағалығымен және Эпштейн, И. Любимов, Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, Рыкунов қатысқан ортазиялық бюроның отырысында жасаған баяндамасының нәтижесінде Т. Рысқұловқа көшпелі аудандардағы жер иелену, мал шаруашылығы және суды пайдалану туралы мәселелердің қалай шешіліп жатқандығын нақтылау тапсырылды. Жалпы партиялық басқару – Я. Рудзутактың және Ресейдің ішкі аудандарынан алдырылып отырылған орыс (мұсылман емес) партия мүшелерінің еншісіне тиіп отырды [11].

Шаруашылық жұмыстарын жүргізуді ғана сеніп тапсыру, партиялық құрылыс ісіне араластырмаумен қоса-қабат Т. Рысқұловтың артынан анду да үнемі жалғастырылып отырылды. Оған себеп болған тарихи факт Башқұрт революциялық комитетінің төрағасы, «Иттихат-Тараққи» ұйымының мүшесі Валидов Ахмад-Закидің Түркістан республикасындағы басмашылар ықпалына бағынышты ауданға келуі еді. Осыған байланысты НКВД арнайы «Шығыс» ісін бастап, оның №1 папкасы «Иттихат-Тараққи» ұйымының мүшесі Валидов Ахмад-Закидің жеке ісіне арнады. НКВД тыңшылары мен сексоттарының ойынша 1920 ж. Әзірбайжан жерінде Ануар пашаның жасырын пәтеріндегі құпия жиындарға қатысқан, барлық мұсылман халықтарын «Иттихат-Тараққи» партиясының қоластына біріктіруге күш салып жүрген, революциялық көсемдердің бірі – Зиновьевті сынаған, яғни большевиктердің сенімінен шығып кеткен Ахмед-Заки мен Т. Рысқұловтың есімін байланыстыру үшін Ахмед-Закидің Шығыс халықтарының съезінде Т. Рысқұловты қызу қолдаушы ретінде танылуы және оның Тұрардың өлкеге оралуы тұсында басмашыларға келіп қосылуы да өз қызметін атқарды [12].

Т. Рысқұловтың басына НКВД-ның қара бұлтты үйіріле бастағанын Түркістан ПГПУ-ының төрағасы Шленовтың Рудзутакқа 1922 жылдың 22 қазанында берген, ал оның нақ 5 күннен соң, жиырма сегізінші қазанда аса құпия түрде И. Сталинге жіберген №891 «депешасынан» және оған қосымша 3 парақта берілген №1931 «Иттихат-Тараққи ұйымы туралы істен көшірме» сияқты архив құжаттарынан көре аламыз. Ол жерде «Бывший Предбашревкома Ахмед-Заки Валидов по делу проходит как сторонник Рыскулова, на съезде народов Востока. Поддерживал резолюцию Рыскулова и Жанузакова», - деп көрсетілген [13-14].

Т. Рысқұловтың күнделікті қам-қарекетіне, ел басқару ісіне, қазақ халқының жағдайын көтеру үшін жасаған барлық қызметіне бақылаулар мен тосқауылдарды осылайша шебер ұйымдастырған орталықтың өте-мөте құйтырқы айлакерлігі әрине, жап-жас Тұрардың ашу-ызасын туындатпай қоймағаны да анық. Өйткені, білімі мен қажыры, ұйымдастырушылық қабілеті мен қайраткерлігі, өз еліне деген асқан махаббаты бойында тасыған күш-қайратқа ұласқан асқан дарын иесінің қолы байлаулы, аузына қақпақ қойылғандай жағдайда еді. Өзіне деген осындай қысастыққа Тұрар қарсыластық күресін жүргізбей қалуы мүмкін емес те еді. Коммунистердің орталықтан жіберілген, өзінен жоғары тұрған орыс мүшелерге ашық қарсы шығуға әлі жетпегенімен, өзімен бірдей дәрежедегі жергілікті ұлт өкілдеріне қарсы күресін жүргізе алатындығына кәміл сенгенін оның осы Ортаазиялық бюроның орталық комитетінің мәжілістерінде ешқандай тұспалдаусыз, «секретно» деп көрсетпей-ақ, ешқандай бұқпантайсыз, өзінің жеке қасиетіне тән ашықтықпен көтерген мәселелерінен анық байқауымызға болады.

Ал осыған қарамастан, коммунистік басқыншылық өзіне қарсы тұра алатын жергілікті ұлт өкілінің зиялы қауымының барлығын қайткен күнде де мойнына ауыр айыптар қамытын кигізіп жазалаулар арқылы тыныштандыру саясатын жүргізе берді. Сондықтан, 1923 жылдың он үшінші қыркүйегінде Я. Рудзутак, Эпштейн, Михайлов, Матусов, Хадыр-Алиев қатысып өткізген мәжілісте Эпштейннің «Жолдас Рысқұловтың партия тәртібін бұзушылығы туралы» өтінішін Тұрардың өзінің жиналысқа қатыспаған кезінде сыртынан тыңдады. Дегенмен, архив қорларынан «Секретный отдел» дегенге алынып тасталған бұл құжатпен (Эпштейннің өтініші) танысудың сәті түспесе де, хаттамадағы шешімдер мазмұнынан Т. Рысқұловқа қарсы мынадай әрекеттер жасалғандығын көре аламыз: «Среднеазиатское бюро поставить на вид тов. Рыскулову

недопустимость печатания брошюры осужденной ЦК РКП. Предложить тов. Рыскулову впредь печатать труды политико-просветительского характера с разрешения партийных органов и на общих основаниях. Печатание брошюры «Мусбюро РКП в Туркестане» на киргизском языке приостановить» [16].

«Түркістандағы РКП-ның мұсылман бюросы» брошюрасының Мәскеудегі «жолдастар» үшін аса күшті жарылыстық ықпалы болғандығынан сол жолдың 25-ші қарашасында берген телеграммасына «бүкілодақтық староста» Куйбышевтің өзі қол қойғандығынан да көре аламыз [17].

Дегенмен, Тұрардың күрескерлігі мен қайраткерлігін бұл телеграмма тоқтата алған жоқ. Ол өзінің атынан «Госиздат» деп аталатын баспахананың директоры Факторовичке Османов жолдастан беріп жіберілген «Мұсбюро» брошюрасының баспадан шығарылуын тездету туралы, ал аударманың қаржысын халық комиссарлар кеңесі төлейтінін айтып бұйрық берген және баспадан шығарып үлгерген. Қазіргі кезде оның бір данасы Түлкібас ауданы Т.Рысқұлов ауылының клуб үйінде ашылған шағын мұражайда сақтаулы тұр.

Өзіне тапсырылған «Кеңестік құрылыс» туралы Ортаазия бюросының жабық кеңесіндегі баяндамасында «Шаруашылық ірілендіру» және «Саяси ірілендіру» сияқты екі бағытты ұстанған Т. Рысқұловтың елге деген жанашырлығын енді мәскеулік «жолдастар» жергілікті ұлт кадрлары арқылы да жасқай бастады. Мұны Тұрарға «Шаруашылық ірілендіру» дегеніміз түсінікті, ал «Саяси ірілендіру» дегеніміз не? – деп сұрақ қойған Хыдыралиевтің сарынынан да байқауға болады. Ол Тұрардың «саяси билікке жергілікті дихандарды араластыру», - деп берген түсінігіне мүлдем қарсы шығып, бұл мәселені қарастыру уақыты біткен, енді ол түкке тұрғысыз нәрсе деп шорт кесуінен де, орталықтың күшіне сенгендігін көре аламыз. Осы кезле жабық кеңестің төрағасы Я.Рудзутак та оны қоштай: «...нужно считаться психологией рядового киргиза... который выбирает чин милиции, потому что тут и мундир и шашка на боку и пр. и пр.», - деп, жергілікті халықты саяси биліктен оқшауландыруға барынша күш салады [18].

Бұл, әрине, жергілікті қарама-қарсылықтың бір ғана көрінісі болатын. Ақыр соңында, 1923 жылдың 23-ші желтоқсанында Т. Рысқұлов пен С. Қожанов бастаған 30 «кирработник» қол қойған «Ортаазиялық бюроға хат» жазылып, ол жерде Түркістандағы жағдай толық баяндалады. Дегенмен, бұл әрекет те билік басындағылардың ашық қарсыластығына кездесті [19].

Сонымен, бірқатар архивтік материалдардың ашып беруінің нәтижесінде Т. Рысқұлов және оның туған елдегі қызметі де «тар жол – тайғақ кешудің» бір түрі болғандығына көз жеткіздік. Дегенмен, әлі де болса, бұл қызмет туралы талдау жасалынатын материалдар архивтер қойнауында жеткілікті, осыларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Архив – 2025» арнайы жобасы арқылы туған елге толық жеткізіп алу бүгінгі біздердің ағаларымыздың аруағының алдындағы азаматтық міндетіміз деп білемін.

* Кирработник – Ортаазиялық бюроның қазақ ұлтты қызметкерлерін ресейлік партия мүшелерінің атауы.

** Сексоттар – «Секретный сотрудник» деген сөзден қысқартылып жасалаған біріккен сөз. НКВД-ның халық арасынан дерек жинаушы құпия қызметкерлері.

*** Бұл ауыспалы мүшелердің жалпы саны 2 жылдың ішінде 300-ге жуықтаған.

Пайдаланылған деректер

1 Исмаилов А.И. Исторические штрихи к портрету Турара Рыскулова. // Мысль. 2014. - №12.-С.37-44 // URL:<http://mysl.kazgazeta.kz/?p=4809>

2 Исмаилов А.И. Время и судьба Турара Рыскулова // Казахстанская правда. - 2004. - С. 25 ноября.

3 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.1. Л.11-17. Протокол №5 заседания Среднеазиатского бюро. 4-й вопрос: О работе Тюрякулова. 9.09.1922. Особое мнение тов. Рахимбаева.

4 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.1. Протокол №10, заседании Среднеазиатского бюро от

09.09.1922 г. Ташкент.

5 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.6. Выписка из протокола заседания Оргбюро от 25/IX-22г. за №57.

6 Назаров С.А. Руководство Средазбюро ЦК РКП(б) партийным и национальным государственным строительством в Средней Азии (1922-1924) / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – М.: Мысль, 1965. – С.7-8.

7 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д. 1. Л.1. Протокол №1 заседания бюро Среднеазиатского бюро. Вопрос первый. О конструировании Средне-Азиатского бюро ЦК РКП 19.05.1922 г.

8 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.7. Л.75. Протокол №14, заседании Среднеазиатского бюро от 05.04.1923 г. О беженцах киргизах в Китай.

9РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.8.Протокол №10, заседании Среднеазиатского бюро от 09.09.1922 г.

10 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.8. Протокол №12, заседании Среднеазиатского бюро от 09.10.1922 г.

11 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.16. Протокол №14, заседании Среднеазиатского бюро от 11.10.1922 г.

12 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.21. Дело «Восток» №1. Личное дело на члена организации «Иттихат-Таракки» Валидова Ахмада-Заки.

13 РГАСПИ. Ф.62.Оп.1. Д.4. Л.27. Письмо председателя ППГПУ Туркестана Шленова лично председателю тов.Рудзутак.

14 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1. Д.4. Л.28. Письмо председателя Среднеазиатского бюроЯ. Рудзутак И. Сталину. Под грифом «Весьма секретно».

15 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1.Д.4. Л.73. Протокол №28, заседании Среднеазиатского бюро от 29.11.1922.

16 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1. Д.7. Л.30. Протокол №5, заседании Среднеазиатского бюро от 13.02.1923. Заявление тов.Эпштейна о нарушении тов. Рыскуловым партдисциплины.

17 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1.Д.7. Л.34. Расшифрованная телеграмма от 25/XII. Копию вручить Рыскулову тчк. Сообщение для исполнения постановления ЦК от 21/XII.

18 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1.Д.8. Л.1. Стенографический отчет закрытого заседания Среднеазиатского бюро 2-го июля 1923 года.

19 РГАСПИ. Ф.62. Оп.1.Д.9. Л.58. Письмо в Среднеазиатское бюро ЦК РКП.

Аннотация. В статье на основе новых архивных материалов анализируется деятельность Т.Рыскулова в 1922-1923 гг. в составе Среднеазиатского бюро центрального комитета российской коммунистической партии (большевиков). Для этого автором сделано описание работы и структуры среднеазиатского бюро, в составе которого работал и Т.Рыскулов, как представитель «кирработник» от Туркестанской республики, анализ его (Т.Рыскулова) всеобъемлющей работы на благо республики Туркестан и его населения; попытки восстановления «Мусульманского бюро», а также слежка за его деятельностью ЦК РКП (б) и НКВД.

Abstract. Based on new archival materials, the article analyzes the activities of T. Ryskulov in 1922-1923. as part of the Central Asian Bureau of the Central Committee of the Russian Communist Party (Bolsheviks). For this, the author made a description of the work and structure of the Central Asian Bureau, which also included T. Ryskulov, as a representative “kirrabortnik” from the Turkestan Republic, and his analysis (T. Ryskulova) comprehensive work for the benefit of the Republic of Turkestan and its population; attempts to restore the Muslim Bureau, as well as surveillance of its activities by the Central Committee of the RCP (b) and the NKVD.